

УТВЕРЖДЕНО
приказом Председателя
Правления АО «Teniz Capital
Investment Banking»
от 30 июня 2026 года

**Программа повышения финансовой
грамотности
АО «Teniz Capital Investment Banking»**

Алматы 2026 г.

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Настоящая Программа повышения финансовой грамотности клиентов (далее – Программа) разработана в соответствии с законодательством Республики Казахстан о рынке ценных бумаг, Правилами осуществления брокерской и (или) дилерской деятельности, утвержденными постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 3 февраля 2014 года № 9, и внутренними документами АО «Teniz Capital Investment Banking» (далее – Общество).
2. Программа определяет цели, задачи, принципы, формы и способы реализации мероприятий по повышению финансовой грамотности клиентов Общества, а также порядок оценки эффективности Программы и её актуализации с учётом результатов такой оценки и выявленных поведенческих рисков.
3. Программа реализуется Обществом на постоянной основе на государственном и русском языках при взаимодействии с клиентами и потенциальными клиентами, в том числе посредством интернет-ресурса, мобильного приложения Общества, в офисах обслуживания, а также с использованием иных каналов коммуникации, предусмотренных внутренними документами Общества.
4. Действие Программы распространяется на всех клиентов и потенциальных клиентов Общества независимо от объёма и характера совершаемых ими операций с финансовыми инструментами.
5. Общество обеспечивает размещение на своём интернет-ресурсе общедоступных информационных и образовательных материалов по вопросам финансовой грамотности, включая ответы на часто задаваемые вопросы, а также иных материалов, направленных на повышение уровня осведомленности клиентов об инвестиционной деятельности и связанных с ней рисках.
6. Общество осуществляет периодическую оценку эффективности реализации Программы и при необходимости актуализирует ее с учетом результатов такой оценки, выявленных поведенческих рисков, изменений законодательства Республики Казахстан и внутренних документов Общества.

2. Цель и задачи Программы

7. Целью Программы является повышение уровня финансовой грамотности клиентов Общества, формирование у них навыков ответственного и осознанного принятия инвестиционных решений, а также снижение поведенческих рисков, возникающих при инвестировании в финансовые инструменты.
8. Для достижения указанной цели Общество решает следующие задачи:
 - 1) обеспечение клиентов достоверной, актуальной, полной и понятной информацией о финансовых инструментах, оказываемых брокерских услугах, а также о рисках, связанных с инвестированием;
 - 2) повышение уровня знаний клиентов о принципах инвестирования, особенностях финансовых инструментов, их доходности и рисках;

- 3) формирование у клиентов навыков самостоятельной оценки инвестиционных решений с учетом их финансовых целей, инвестиционного горизонта и уровня допустимого риска;
- 4) своевременное выявление признаков поведенческих рисков клиентов и реализация мероприятий, направленных на их предупреждение и снижение;
- 5) обеспечение постоянного и равного доступа клиентов к информационным и образовательным материалам по финансовой грамотности на государственном и русском языках;
- 6) проведение оценки эффективности реализации Программы и ее актуализация с учетом результатов такой оценки, выявленных поведенческих рисков, изменений законодательства Республики Казахстан и внутренних документов Общества.

3. Материалы по финансовой грамотности

9. Финансовая грамотность - совокупность знаний, навыков и моделей поведения клиента, позволяющих ему принимать обоснованные решения при использовании финансовых инструментов и услуг брокера, а также оценивать связанные с ними риски.
10. Финансовая грамотность клиента включает:
 - знание основных финансовых инструментов, обращающихся на рынке ценных бумаг, и их характеристик;
 - понимание рисков, связанных с приобретением, владением и продажей ценных бумаг;
 - умение оценивать соответствие финансового инструмента собственным инвестиционным целям и приемлемому уровню риска;
 - знание прав и обязанностей клиента при получении брокерских услуг, в том числе при инвестиционном консультировании;
 - навыки самостоятельного анализа информации, размещаемой эмитентами и Обществом, включая условия выпуска ценных бумаг.
11. Диверсификация вложений.

Диверсификация - распределение инвестируемых средств между различными видами ценных бумаг, эмитентами, отраслями экономики и валютами в целях снижения общего риска портфеля. Диверсификация не устраняет риски полностью, однако снижает вероятность существенных потерь, вызванных ухудшением финансового положения одного эмитента или неблагоприятной ситуацией в одной отрасли экономики.
12. Фондовый рынок - это организованная система, в рамках которой осуществляется торговля ценными бумагами (акции, облигации, ETF и др.) между инвесторами, компаниями и государством.

Привлечение капитала компаниями.

Компании выходят на фондовый рынок, размещая акции (долевые) или облигации (заемные средства) для привлечения капитала и развития.

Возможности для инвесторов.

Инвесторы вкладывают средства в ценные бумаги, чтобы получать доход (дивиденды, купоны, прирост стоимости) и участвовать в росте экономики и корпоративного сектора.

13. Приобретение акций возможно двумя способами. Первый способ состоит в покупке у самой компании: в момент её создания, путём участия в дополнительном выпуске по преимущественному праву действующего акционера, либо в ходе публичного размещения (IPO). Это первичный рынок. Второй способ состоит в приобретении у текущего владельца: напрямую, по наследству, либо на бирже через брокера. Это вторичный рынок, на котором совершается основная часть сделок частного инвестора.
14. Основными участниками рынка ценных бумаг являются:
 - андеррайтер - профессиональный участник рынка ценных бумаг, обладающий лицензией на осуществление брокерской и дилерской деятельности и оказывающий услуги эмитенту по выпуску и размещению эмиссионных ценных бумаг и (или) цифровых финансовых активов;
 - профессиональный участник рынка ценных бумаг - юридическое лицо, филиал банка-нерезидента Республики Казахстан, осуществляющие свою деятельность на рынке ценных бумаг на основании лицензии либо в соответствии с законами Республики Казахстан;
 - брокер - профессиональный участник рынка ценных бумаг, совершающий сделки с эмиссионными ценными бумагами и иными финансовыми инструментами по поручению, за счет и в интересах клиента;
 - дилер - профессиональный участник рынка ценных бумаг, совершающий сделки с эмиссионными ценными бумагами и иными финансовыми инструментами в своих интересах и за свой счет на неорганизованном рынке ценных бумаг и на организованном рынке ценных бумаг с правом прямого доступа к нему;
 - кастодиан - профессиональный участник рынка ценных бумаг, осуществляющий учет финансовых инструментов и денег клиентов и подтверждение прав по ним, хранение документарных финансовых инструментов клиентов с принятием на себя обязательств по их сохранности и иную деятельность в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан.
15. Ценные бумаги делятся на три основные категории:
 - долевые ценные бумаги (акции, паи);
 - долговые ценные бумаги (облигации);
 - производные ценные бумаги и инструменты (глобальные депозитарные расписки).
16. Ценная бумага - совокупность определенных записей и других обозначений, удостоверяющих имущественные права.
17. Долговые ценные бумаги - ценные бумаги, удостоверяющие обязательство эмитента (должника) по выплате основной суммы долга на условиях выпуска данных ценных бумаг.
18. Долевая ценная бумага - ценная бумага, удостоверяющая право ее владельца на определенную долю в имуществе в случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.
19. Долевые ценные бумаги и их виды.

- 1) Акция - ценная бумага, выпускаемая акционерным обществом и удостоверяющая права на участие в управлении акционерным обществом, получение дивиденда по ней и части имущества акционерного общества при его ликвидации, а также иные права, предусмотренные законами Республики Казахстан.
- 2) Акции выпускаются только как именные эмиссионные ценные бумаги.
- 3) Виды акций:
 - Простая акция предоставляет акционеру право на участие в общем собрании акционеров с правом голоса при решении всех вопросов, выносимых на голосование, право на получение дивидендов при наличии у общества чистого дохода, а также части имущества общества при его ликвидации в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;
 - Привилегированная акция не предоставляет акционеру права на участие в управлении обществом, кроме отдельных случаев, установленных Законом об акционерном обществе. При этом владельцы привилегированных акций имеют преимущественное право перед владельцами простых акций на получение заранее определенного гарантированного размера дивидендов и части имущества при ликвидации общества.
- 4) Пай - именная эмиссионная ценная бумага бездокументарной формы выпуска, подтверждающая долю ее собственника в паевом инвестиционном фонде, право на получение денег, полученных от реализации активов паевого инвестиционного фонда и (или) иного имущества в случае, установленном Законом «Об инвестиционных и венчурных фондах», при прекращении его существования, а также иные права, связанные с особенностями деятельности паевых инвестиционных фондов, определенных Законом «Об инвестиционных и венчурных фондах».
- 5) Держатель пая - лицо, имеющее лицевой счет в системе реестров держателей паев паевого инвестиционного фонда или системе учета номинального держания и обладающее правами по паям паевого инвестиционного фонда;
- 6) Цена пая и количество паев, принадлежащих одному держателю, могут выражаться дробными числами.
- 7) Приобретение пая свидетельствует о присоединении инвестора к договору доверительного управления паевым инвестиционным фондом.
- 8) Паи паевых инвестиционных фондов должны оплачиваться только деньгами в национальной валюте Республики Казахстан или в валюте, в которой выражена номинальная стоимость пая.

Паевой инвестиционный фонд, который может быть создан в следующих формах - открытой, интервальной или закрытой.

Открытый паевой инвестиционный фонд предоставляет держателю его пая право требовать от управляющей компании выкупа пая в случаях, на условиях и в порядке, установленных Законом «Об инвестиционных и венчурных фондах» и правилами данного инвестиционного фонда, но не реже одного раза в две недели.

Интервальный паевой инвестиционный фонд предоставляет держателю его пая право требовать от управляющей компании выкупа пая в случаях, на условиях и в порядке, установленных Законом «Об инвестиционных и венчурных

фондах» и правилами данного инвестиционного фонда, но не реже одного раза в год.

Закрытый паевой инвестиционный фонд предоставляет держателю его пая право участия в общем собрании держателей паев данного фонда, а также на получение дивидендов по паю на условиях и в порядке, предусмотренных правилами фонда.

9) Ключевые риски, связанные с акциями:

- рыночный риск - риск возникновения расходов (убытков), связанных с неблагоприятной ситуацией на финансовых рынках. Рыночный риск имеет макроэкономическую природу, то есть источниками рыночных рисков являются макроэкономические показатели финансовой системы.
- риск неполучения дивидендов - выплата дивидендов не является гарантированной и зависит от прибыли компании и решения ее уполномоченных органов;
- риск ликвидности - риск, связанный с возможным невыполнением либо несвоевременным выполнением обязательств. Риск потери ликвидности ценных бумаг как активов определяется возможностью их быстрой реализации с низкими издержками и по приемлемым ценам.

20. Облигация и их виды.

- 1) Облигация - ценная бумага, удостоверяющая в соответствии с условиями выпуска право на получение от лица, выпустившего облигацию, вознаграждения по ней и номинальной стоимости облигации в деньгах или ином имущественном эквиваленте.
- 2) Облигации выпускаются только как именные эмиссионные ценные бумаги.
- 3) Основные виды облигаций:

- Государственные облигации - облигации, эмитентом которых выступает государство, уполномоченный государственный орган или местный исполнительный орган. Такие облигации выпускаются для привлечения средств на финансирование государственных расходов, бюджета или иных государственных программ;
- Корпоративные облигации - облигации, выпускаемые юридическими лицами для привлечения заемного финансирования. Эмитент корпоративной облигации принимает на себя обязательство выплатить держателю облигации вознаграждение и вернуть номинальную стоимость в порядке и сроки, установленные условиями выпуска;
- Купонные облигации - облигации, по которым держателю выплачивается периодическое вознаграждение в виде купона. Размер купона, периодичность его выплаты и дата погашения определяются условиями выпуска облигаций;
- Дисконтные облигации - облигации, размещаемые ниже номинальной стоимости. Доход инвестора формируется за счет разницы между ценой покупки и номинальной стоимостью, выплачиваемой при погашении.

4) Ключевые риски, связанные с облигациями:

- кредитный риск - риск возникновения расходов (убытков) вследствие неуплаты или несвоевременной оплаты эмитентом основного долга и вознаграждения, причитающегося инвестору в установленный условиями выпуска ценной бумаги срок, включающий также риск

потерь, возникающих в связи с невыполнением партнером обязательств по свопам, опционам, форвардам и иным финансовым инструментам, подверженным кредитному риску, и в период урегулирования расчетов по данным ценным бумагам и финансовым инструментам, либо вследствие невыполнения или несвоевременного выполнения контрапартнером или клиентом своих обязательств, предусмотренных договором или возникших в ходе заключения сделки;

- процентный риск – риск возникновения расходов (убытков) вследствие неблагоприятного изменения ставок вознаграждения, включающий в себя риски, связанные с:
 - возникновением расходов (убытков) из-за несоответствия сроков возврата и погашения размещенных активов и привлеченных обязательств (риск временного разрыва);
 - применением различных методов начисления и корректировки получаемого и уплачиваемого вознаграждения по ряду инструментов, которые при прочих равных условиях имеют сходные ценовые характеристики (базовый риск);
- риск досрочного погашения - риск того, что эмитент погасит облигацию раньше срока, и инвестор не получит ожидаемый доход за весь период обращения облигации.

21. Производные финансовые инструменты.

- 1) Производный финансовый инструмент - договор, стоимость которого зависит от величины (включая колебание величины) базового актива договора, предусматривающий осуществление расчета по данному договору в будущем.
- 2) К производным финансовым инструментам относятся опционы, фьючерсы, форварды, свопы и другие производные финансовые инструменты, отвечающие данным признакам, в том числе представляющие собой комбинацию вышеперечисленных производных финансовых инструментов.
- 3) Базовыми активами производных финансовых инструментов являются товары, стандартизированные партии товаров, ценные бумаги, валюта, индексы, процентные ставки и другие активы, имеющие рыночную стоимость, будущее событие или обстоятельство, производные финансовые инструменты.
- 4) Опцион - производный финансовый инструмент, в соответствии с которым одна сторона (продавец опциона) продает другой стороне (покупателю опциона) право купить или продать базовый актив по оговоренной цене на согласованных условиях в будущем. Продавец опциона берет на себя обязательство, а покупатель приобретает право.
- 5) Своп - производный финансовый инструмент, в соответствии с которым стороны договариваются об обмене платежами по базовым активам или базовыми активами в будущем на согласованных условиях.
- 6) Форвард - производный финансовый инструмент, покупатель (или продавец) которого берет на себя обязательство по истечении определенного срока купить (или продать) базовый актив на согласованных условиях в будущем.
- 7) Фьючерс - производный финансовый инструмент, обращаемый только на организованном рынке, покупатель (или продавец) которого берет на себя обязательство по истечении определенного срока купить (или продать)

базовый актив в соответствии с установленными на организованном рынке стандартными условиями.

- 8) Ключевые риски, связанные с производными финансовыми инструментами:
- риск контрагента - риск возникновения расходов (убытков) вследствие неисполнения или ненадлежащего исполнения контрагентом по свопу или форварду, заключенному вне организованного рынка, своих обязательств по сделке;
 - риск базового актива - риск возникновения расходов (убытков) вследствие неблагоприятного изменения цены базового актива, лежащего в основе производного финансового инструмента;
 - риск волатильности - риск возникновения расходов (убытков) вследствие изменения стоимости производного финансового инструмента под влиянием волатильности цены базового актива, характерный в первую очередь для опционов.

4.Заключительное положение.

22. Настоящая Программа утверждается приказом Председателя Правления Общества и вводится в действие со дня ее утверждения, если иная дата не предусмотрена соответствующим приказом.
23. Общество осуществляет периодическую оценку эффективности реализации Программы и при необходимости актуализирует ее с учетом изменений законодательства Республики Казахстан, результатов оценки эффективности Программы, выявленных поведенческих рисков и изменений внутренних документов Общества.
24. Если в результате изменения законодательства Республики Казахстан и (или) Устава Общества отдельные пункты Программы вступают в противоречие с законодательством Республики Казахстан, такие пункты признаются утратившими силу, что не влечет за собой прекращение действия Программы в целом.
25. Вопросы, не урегулированные настоящей Программой, регулируются законодательством Республики Казахстан, Уставом Общества и иными внутренними документами Общества.

БЕКІТІЛД
«Teniz Capital Investment Banking» АҚ
Басқармасы Төрағасының
2026 жылғы 30 маусымдағы
бұйрығымен

**Клиенттердің қаржылық сауаттылығын
арттыру бағдарламасы
«Teniz Capital Investment Banking» АҚ**

Алматы 2026 ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Бағдарлама (Клиенттердің қаржылық сауаттылығын арттыру бағдарламасы) (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысымен бекітілген Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру қағидаларына, сондай-ақ «Teniz Capital Investment Banking» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.
2. Осы Бағдарлама Қоғам клиенттерінің қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асырудың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, нысандары мен тәсілдерін, сондай-ақ Бағдарламаның тиімділігін бағалау тәртібін және осындай бағалау нәтижелері мен анықталған мінез-құлықтық тәуекелдерді ескере отырып, оны жаңарту тәртібін айқындайды.
3. Осы Бағдарламаны Қоғам клиенттермен және әлеуетті клиенттермен өзара іс-қимыл жасау кезінде, оның ішінде интернет-ресурс, Қоғамның мобильді қосымшасы арқылы, қызмет көрсету кеңселерінде, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де коммуникация арналарын пайдалану арқылы, тұрақты негізде мемлекеттік және орыс тілдерінде іске асырады.
4. Бағдарламаның қолданылуы Қоғамның барлық клиенттері мен әлеуетті клиенттеріне, олардың қаржы құралдарымен жасайтын операцияларының көлемі мен сипатына қарамастан, тарайды.
5. Қоғам өзінің интернет-ресурсында қаржылық сауаттылық мәселелері бойынша жалпыға қолжетімді ақпараттық және білім беру материалдарды, оның ішінде жиі қойылатын сұрақтарға жауаптарды, сондай-ақ клиенттердің инвестициялық қызмет және онымен байланысты тәуекелдер туралы хабардарлық деңгейін арттыруға бағытталған өзге де материалдарды орналастыруды қамтамасыз етеді.
6. Қоғам Бағдарламаны іске асырудың тиімділігін мерзімді түрде бағалайды және қажет болған жағдайда оны осындай бағалау нәтижелерін, анықталған мінез-құлықтық тәуекелдерді, Қазақстан Республикасының заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының өзгерістерін ескере отырып, жаңартады.

2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

7. Бағдарламаның мақсаты Қоғам клиенттерінің қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру, оларда инвестициялық шешімдерді жауапты және саналы түрде қабылдау дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ қаржы құралдарына инвестициялау кезінде туындайтын мінез-құлықтық тәуекелдерді азайту болып табылады.
8. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін Қоғам мынадай міндеттерді шешеді:
 - 1) клиенттерді қаржы құралдары, көрсетілетін брокерлік қызметтер, сондай-ақ инвестициялаумен байланысты тәуекелдер туралы дұрыс, өзекті, толық және түсінікті ақпаратпен қамтамасыз ету;
 - 2) инвестициялау қағидаттары, қаржы құралдарының ерекшеліктері, олардың кірістілігі мен тәуекелдері туралы клиенттердің білім деңгейін арттыру;

- 3) клиенттерде олардың қаржылық мақсаттарын, инвестициялық көкжиегін және жол берілетін тәуекел деңгейін ескере отырып, инвестициялық шешімдерді өз бетінше бағалау дағдыларын қалыптастыру;
- 4) клиенттердің мінез-құлықтық тәуекелдерінің белгілерін уақтылы анықтау және оларды болғызбауға және азайтуға бағытталған іс-шараларды іске асыру;
- 5) қаржылық сауаттылық жөніндегі ақпараттық және білім беру материалдарына клиенттердің мемлекеттік және орыс тілдерінде тұрақты және тең қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- 6) Бағдарламаны іске асырудың тиімділігін бағалауды жүргізу және осындай бағалау нәтижелерін, анықталған мінез-құлықтық тәуекелдерді, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғамның ішкі құжаттарының өзгерістерін ескере отырып, оны жаңарту.

3. Қаржылық сауаттылық жөніндегі материалдар

9. Қаржылық сауаттылық – клиентке қаржы құралдары мен брокердің қызметтерін пайдалану кезінде негізделген шешімдер қабылдауға, сондай-ақ олармен байланысты тәуекелдерді бағалауға мүмкіндік беретін білімдер, дағдылар және мінез-құлық үлгілерінің жиынтығы.
10. Клиенттің қаржылық сауаттылығы мыналарды қамтиды:
 - бағалы қағаздар рыногында айналымда жүрген негізгі қаржы құралдарын және олардың сипаттамаларын білу;
 - бағалы қағаздарды сатып алумен, иеленумен және сатумен байланысты тәуекелдерді түсіну;
 - қаржы құралының өзінің инвестициялық мақсаттарына және қолайлы тәуекел деңгейіне сәйкестігін бағалай білу;
 - брокерлік қызметтерді, оның ішінде инвестициялық кеңес беруді алу кезіндегі клиенттің құқықтары мен міндеттерін білу;
 - эмитенттер мен Қоғам орналастыратын ақпаратты, оның ішінде бағалы қағаздарды шығару шарттарын өз бетінше талдау дағдылары.
11. Салымдарды әртараптандыру.

Әртараптандыру – портфельдің жалпы тәуекелін төмендету мақсатында инвестицияланатын қаражатты бағалы қағаздардың әртүрлі түрлері, эмитенттер, экономика салалары және валюталар арасында бөлу. Әртараптандыру тәуекелдерді толығымен жоймайды, дегенмен бір эмитенттің қаржылық жағдайының нашарлауынан немесе экономиканың бір саласындағы қолайсыз жағдайдан туындайтын елеулі шығындардың ықтималдығын төмендетеді.
12. Қор нарығы

Қор нарығы – инвесторлар, компаниялар және мемлекет арасында бағалы қағаздармен (акциялар, облигациялар, ETF және басқалар) сауда жүргізілетін ұйымдасқан жүйе.

Компаниялардың капитал тартуы.

Компаниялар капитал тарту және дамыту мақсатында акцияларды (үлестік) немесе облигацияларды (қарыз қаражатын) орналастыра отырып, қор нарығына шығады.

Инвесторлар үшін мүмкіндіктер.

Инвесторлар табыс алу (дивидендтер, купондар, құнының өсуі) және экономика мен корпоративтік сектордың өсуіне қатысу мақсатында бағалы қағаздарға қаражат салады.

13. Акцияларды сатып алу тәсілдері.

Акцияларды сатып алудың екі тәсілі бар. Бірінші тәсіл – компанияның өзінен сатып алу: оны құру кезінде, қолданыстағы акционердің басым құқығы бойынша қосымша шығарылымға қатысу арқылы, немесе жария орналастыру (IPO) барысында. Бұл бастапқы нарық. Екінші тәсіл – қолданыстағы иесінен сатып алу: тікелей, мұрагерлік бойынша, немесе биржада брокер арқылы. Бұл жеке инвестордың мәмілелерінің негізгі бөлігі жасалатын қайталама нарық.

Бағалы қағаздар рыногының негізгі қатысушылары мыналар болып табылады:

- брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөнінде қызметтер көрсететін бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы;
- бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы – өз қызметін бағалы қағаздар нарығында лицензия негізінде не Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыратын заңды тұлға, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы;
- брокер – клиенттің тапсырмасы бойынша, оның есебінен және мүдделерін көздеп, эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы;
- дилер – ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында оған тікелей кіру құқығымен өз мүдделерін көздеп және өз есебінен эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасайтын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы;
- кастодан – қаржы құралдары мен клиенттер ақшасын есепке алуды және олар бойынша құқықтарды растауды, клиенттердің құжаттық қаржы құралдарының сақталуы жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдай отырып, оларды сақтауды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушы.

14. Бағалы қағаздар үш негізгі санатқа бөлінеді:

- үлестік бағалы қағаздар (акциялар, пайлар);
- борыштық бағалы қағаздар (облигациялар);
- туынды бағалы қағаздар мен құралдар (жаһандық депозитарлық қолхаттар).

15. Бағалы қағаз – мүліктік құқықтарды куәландыратын белгілі бір жазбалар мен өзге де белгілердің жиынтығы.**16. Борыштық бағалы қағаздар – осы бағалы қағаздарды шығару шарттарында эмитенттің (борышкердің) борыштың негізгі сомасын төлеу жөніндегі міндеттемесін куәландыратын бағалы қағаздар.****17. Үлестік бағалы қағаз – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оның иесінің мүліктегі белгілі бір үлеске құқығын куәландыратын бағалы қағаз.**

18. Үлестік бағалы қағаздар және олардың түрлері.

- 1) Акция – акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд алу және оны тарату кезінде акционерлік қоғам мүлкінің бір бөлігін алу құқықтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз.
- 2) Акциялар тек атаулы эмиссиялық бағалы қағаздар түрінде ғана шығарылады.
- 3) Акциялардың түрлері:
 - Жай акция акционерге дауысқа қойылатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, қоғамда таза табыс болған жағдайда дивиденд алу құқығын, сондай-ақ оны тарату кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қоғам мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді;
 - Артықшылықты акция «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда белгіленген жекелеген жағдайларды қоспағанда, акционерге қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді. Бұл ретте артықшылықты акциялардың иелері жай акциялардың иелерінің алдында алдын ала белгіленген кепілдендірілген мөлшердегі дивидендті және қоғамды тарату кезінде мүліктің бір бөлігін алуда басым құқыққа ие болады.
- 4) Пай – оның меншік иесінің инвестициялық пай қорындағы үлесін, қордың қызметі тоқтатылған кезде «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» Заңда белгіленген жағдайда қордың активтерін және (немесе) өзге де мүлікті өткізуден түскен ақшаны алу құқығын, сондай-ақ осы Заңда айқындалған инвестициялық пай қорларының қызметінің ерекшеліктеріне байланысты өзге де құқықтарды растайтын, құжатсыз нысанда шығарылатын атаулы эмиссиялық бағалы қағаз.
- 5) Пай ұстаушы – инвестициялық пай қорының пай ұстаушылары тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстау есебінің жүйесінде жеке шотқа ие және инвестициялық пай қорының пайлары бойынша құқықтарды иеленетін тұлға;
- 6) Пайдың бағасы және бір ұстаушыға тиесілі пайлар саны бөлшек сандармен көрсетілуі мүмкін.
- 7) Пайды сатып алу инвестордың инвестициялық пай қорының сенімгерлік басқару шартына қосылғанын білдіреді.
- 8) Пайлық инвестициялық қорлардың пайлары тек Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен немесе пайдың номиналды құны көрсетілген валютамен ғана төленуге тиіс.

Пайлық инвестициялық қор ашық, интервалдық немесе жабық нысанда құрылуы мүмкін.

Ашық инвестициялық пай қоры оның пай ұстаушысына «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» Заңда және осы инвестициялық қордың қағидаларында белгіленген жағдайларда, шарттарда және тәртіппен, бірақ кемінде екі аптада бір рет басқарушы компаниядан пайды сатып алуды талап ету құқығын береді.

Интервалдық инвестициялық пай қоры оның пай ұстаушысына «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» Заңда және осы инвестициялық қордың қағидаларында белгіленген жағдайларда, шарттарда және тәртіппен, бірақ кемінде жылына бір рет басқарушы компаниядан пайды сатып алуды талап ету құқығын береді.

Жабық инвестициялық пай қоры оның пай ұстаушысына осы қордың пай ұстаушыларының жалпы жиналысына қатысу құқығын, сондай-ақ қордың қағидаларында көзделген шарттар мен тәртіппен пай бойынша дивиденд алу құқығын береді.

9) Акцияларға байланысты негізгі тәуекелдер:

- нарықтық тәуекел – қаржы нарықтарындағы қолайсыз жағдайға байланысты шығыстардың (зияндардың) туындау тәуекелі. Нарықтық тәуекел макроэкономикалық сипатқа ие, яғни нарықтық тәуекелдердің көздері қаржы жүйесінің макроэкономикалық көрсеткіштері болып табылады;
- дивиденд алмау тәуекелі – дивидендтерді төлеу кепілдендірілмеген және компанияның пайдасы мен оның уәкілетті органдарының шешіміне байланысты;
- өтімділікті жоғалту тәуекелі – міндеттемелердің орындалмау не уақтылы орындалмау ықтималдығына байланысты тәуекел. Бағалы қағаздардың активтер ретінде өтімділігін жоғалту тәуекелі олардың төмен шығындармен және қолайлы бағалары бойынша тез сатылу мүмкіндігімен айқындалады.

19. Облигация және оның түрлері.

- 1) Облигация – шығарылым шарттарына сәйкес облигацияны шығарған тұлғадан ол бойынша сыйақыны және облигацияның номиналды құнын ақшамен немесе өзге де мүлктік балама түрінде алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз.
- 2) Облигациялар тек атаулы эмиссиялық бағалы қағаздар түрінде ғана шығарылады.
- 3) Облигациялардың негізгі түрлері:
 - Мемлекеттік облигациялар – эмитенті мемлекет, уәкілетті мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган болып табылатын облигациялар. Мұндай облигациялар мемлекеттік шығыстарды, бюджетті немесе өзге де мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруға қаражат тарту үшін шығарылады;
 - Корпоративтік облигациялар – заңды тұлғалар қарыз қаржыландыруын тарту үшін шығаратын облигациялар. Корпоративтік облигацияның эмитенті облигация ұстаушыға сыйақы төлеу және шығарылым шарттарында белгіленген тәртіп пен мерзімде номиналды құнды қайтару міндеттемесін өзіне қабылдайды;
 - Купондық облигациялар – олар бойынша ұстаушыға купон түрінде мезгіл-мезгіл сыйақы төленетін облигациялар. Купонның мөлшері, оны төлеу мерзімділігі және өтеу күні облигацияларды шығару шарттарында айқындалады;
 - Дисконттық облигациялар – номиналды құнынан төмен бағамен орналастырылатын облигациялар. Инвестордың табысы сатып алу бағасы мен өтеу кезінде төленетін номиналды құн арасындағы айырма есебінен қалыптасады.
- 4) Облигацияларға байланысты негізгі тәуекелдер:
 - кредиттік тәуекел – бағалы қағазды шығару талаптарымен белгіленген мерзімде инвесторға тиесілі негізгі борышты және сыйақыны эмитенттің төлемеуі немесе уақтылы төлемеуі салдарынан, сондай-ақ своптар,

опциондар, форвардтар мен кредиттік тәуекелге ұшыраған өзге де қаржы құралдары бойынша және осы бағалы қағаздар мен қаржы құралдары бойынша есеп айырысуларды реттеу кезеңінде контрәріптестің міндеттемелерді орындамауына байланысты не контрәріптестің немесе клиенттің шартта көзделген немесе мәміле жасау барысында туындайтын өздерінің міндеттемелерін орындамауы немесе уақтылы орындамауы салдарынан туындайтын зиян тәуекелін қамтитын шығыстардың (зиянның) туындау тәуекелі;

- пайыздық тәуекел – сыйақы мөлшерлемелерінің қолайсыз өзгеруі салдарынан шығыстардың (зияндардың) туындау тәуекелі, оған мыналарға байланысты тәуекелдер кіреді:
- орналастырылған активтер мен тартылған міндеттемелерді қайтару және өтеу мерзімдерінің сәйкес келмеуінен туындайтын шығыстар (шығындар) (уақытша алшақтық тәуекелі);
- өзге де тең жағдайларда ұқсас баға сипаттамаларына ие бірқатар құралдар бойынша алынатын және төленетін сыйақыны есептеу мен түзетудің әртүрлі әдістерін қолдану (базалық тәуекел);
- мерзімінен бұрын өтеу тәуекелі – эмитенттің облигацияны мерзімінен бұрын өтеуі және инвестордың облигацияның бүкіл айналым кезеңі бойы күтілетін табысты алмай қалу тәуекелі.

20. Туынды қаржы құралдары.

- 1) Туынды қаржы құралы – құны шарттың базалық активінің шамасына (шаманың ауытқуын қоса алғанда) байланысты, осы шарт бойынша есеп айырысуды болашақта жүзеге асыруды көздейтін шарт.
- 2) Туынды қаржы құралдарына опциондар, фьючерстер, форвардтар, своптар және аталған белгілерге сай келетін өзге де туынды қаржы құралдары, оның ішінде жоғарыда аталған туынды қаржы құралдарының үйлесімін білдіретін құралдар жатады.
- 3) Туынды қаржы құралдарының базалық активтері нарықтық құны бар тауарлар, тауарлардың стандартталған топтамалары, бағалы қағаздар, валюта, индекстер, пайыздық ставкалар және өзге де активтер, болашақ оқиға немесе мән-жай, туынды қаржы құралдары болып табылады.
- 4) Опцион – бір тарап (опцион сатушысы) екінші тарапқа (опцион сатып алушыға) базалық активті болашақта келісілген шарттармен, келісілген бағамен сатып алу немесе сату құқығын сататын туынды қаржы құралы. Опцион сатушысы міндеттеме қабылдайды, ал сатып алушы құқық алады.
- 5) Своп – тараптар болашақта келісілген шарттармен базалық активтер бойынша төлемдермен немесе базалық активтермен алмасу туралы уағдаласатын туынды қаржы құралы.
- 6) Форвард – сатып алушысы (немесе сатушысы) белгілі бір мерзім өткен соң базалық активті болашақта келісілген шарттармен сатып алу (немесе сату) міндеттемесін өзіне қабылдайтын туынды қаржы құралы.
- 7) Фьючерс – тек ұйымдастырылған рынокта ғана айналымда жүретін, сатып алушысы (немесе сатушысы) белгілі бір мерзім өткен соң базалық активті ұйымдастырылған рынокта белгіленген стандартты шарттарға сәйкес сатып алу (немесе сату) міндеттемесін өзіне қабылдайтын туынды қаржы құралы.
- 8) Туынды қаржы құралдарына байланысты негізгі тәуекелдер:

- контрәріптес тәуекелі – ұйымдастырылған рыноктан тыс жасалған своп немесе форвард бойынша контрәріптестің мәміле бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан шығыстардың (зияндардың) туындау тәуекелі;
- базалық актив тәуекелі – туынды қаржы құралының негізінде жатқан базалық активтің бағасының қолайсыз өзгеруі салдарынан шығыстардың (зияндардың) туындау тәуекелі;
- құбылмалылық тәуекелі – ең алдымен опциондарға тән, базалық актив бағасының құбылмалылығының әсерінен туынды қаржы құралының құны өзгеруі салдарынан шығыстардың (зияндардың) туындау тәуекелі.

3. Қорытынды ереже

21. Осы Бағдарлама Қоғам Басқармасының Төрағасының бұйрығымен бекітіледі және тиісті бұйрықта өзге мерзім көзделмесе, ол бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.
22. Қоғам Бағдарламаны іске асырудың тиімділігін мерзімді түрде бағалайды және қажет болған жағдайда оны Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістерін, Бағдарламаның тиімділігін бағалау нәтижелерін, анықталған мінез-құлықтық тәуекелдерді және Қоғамның ішкі құжаттарының өзгерістерін ескере отырып жаңартады.
23. Қазақстан Республикасының заңнамасы және (немесе) Қоғамның Жарғысы өзгертілуіне байланысты Бағдарламаның жекелеген тармақтары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда, мұндай тармақтардың күші жойылды деп танылады, бұл Бағдарламаның тұтастай қолданысын тоқтатуға әкеп соқтырмайды.
24. Осы Бағдарламада реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен реттеледі.